

# Қайта Өрлеу (Ренессанс) дәуірінің Философиясы (14-17 ғасырлар)

**ҚАЙТА ӨРЛЕУ** немесе **РЕНЕССАНС** (фр. Renaissance, итал. Rinascimento) - Орта ғасырлардан кейін дүниеге келген зиялы мәдениет дәуірі, Алдымен Италияда, кейіннен Францияда, Германияда, Нидерландыда пайда болды.

«Қайта өрлеу» терминін алғаш рет атақты кескіндемеші мен архитектор Джорджо Вазари қолданды 1550 ж. өзінің еңбегінде қолданды.

Орта ғасырлардағы үстем болған діни сипаттағы мәдениеттен кейін **АНТИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР** мен **ӨНЕРДІ ЖАҢҒЫРТУ** дәуірі болып табылады. Алдымен Италияда, кейіннен Францияда, Германияда, Нидерландыда **14** ғасырда пайда болды.

# Негізгі ерекшеліктері:

- ▣ АНТИКАЛЫҚ ӨНЕР МЕН ФИЛОСОФИЯНЫ ЖАҢҒЫРТУ
- ▣ АНТРОПОЦЕНТРИЗМ
- ▣ ГУМАНИЗМ
- ▣ ИНДИВИДУАЛДЫЛЫҚ
- ▣ ПАНТЕИЗМ
- ▣ Гелиоцентрлік көзқарас
- ▣ Секуляризация принципі

# Философиялық бағыттар:

- Гуманисттік бағыт
- Натуралисттік бағыт
- Неоплатонисттік бағыт
- Реформациялық бағыт
- Саяси
- Әлеуметтік-утописттік

# Гуманисттік бағыт

- Франческо Петрарка (1304-1374)
- Данте Алигьери (1265-1321)
- Лоренцо Валла (1507-1557)
- Эразм Роттердамский (1466-1536)

Гуманистік қозғалысқа дем беруші ақын **Данте Алигьери** (1265-1320 жж.) – өз шығармаларында схоластиканың догмаларын теріске шығармай-ақ, Құдай мен адам қатынасын жаңадан ой елегінен өткізуге талпынады. Оның пайымдауынша, құдайлық пен адамдық бірлікте өмір сүреді, Құдайды адамның шығармашылық мүмкіндіктеріне қарсы қоюға болмайды. Адамның өмір сүруі бір жағынан Құдаймен, екіншіден табиғатпен қамтамасыз етіледі.

- Данте адамның практикалық қызметі – оның парасат мүмкіндіктерінің жүзеге асуының жемісі дегенді басып айтады. Ол адамның бар өмірі оның парасатына бағынуы керек дегенді ұстанады.

Гуманистік қозғалыстың негізін қалаушы ойшыл ақын **Франческо Петрарка** (1304-1374 жж.) «өмір өнерін» жете зерттеуді өзінің басты мақсаты деп есептейді. Оның ойынша, адамның діни догматтар белгілегендей тек о дүниеде ғана емес, осы жердегі өмірінде де бақытты болуға құқы бар. Петрарка шығармаларында Қайта өрлеу заманы философиясына тән көрінісін табатын адамның жеке, даралығын дәріптеу орын алған.

Оның пайымдауынша, тұлғаның, кісінің шыңдалып жетілуі оның «надан тобырдан» оқшауланған жағдайында ғана мүмкін болады. Тек қана осы жағдайда, адамның өзіндік ішкі құмарлықтарымен күресінде және қоршаған ортамен үздіксіз қарама-қарсылығында шығармашы кісі толық еркіндікке, ұстамдылыққа, рухани тыныштыққа қол жеткізеді.

# Натурфилософиялық бағыт:

- Николай Коперник (1473-1543)
- Джордано Бруно (1548-1600)
- Галилео Галилей (1564-1642)

Джордано Бруно (1548-1600 жж.) – дін қызметкері, философия докторы. Философиялық идеяларын жалған деп, одан бас тартпағаны үшін 1600 ж. 17 ақпанда баяу жанған отқа өртеліп өлтірілді. Оның философиясы – материалистік пантеизм деп анықталады.

- Дж. Бруно ілімінің философиялық тікелей бастаулары Н. Кузанский мен Б. Телезионың еңбектеріне сүйенеді. Жаратылыстану ғылымдары саласында оған Н. Коперниктің астрономия идеялары үлкен әсерін тигізеді.
- Бруно табиғат философиясы мәселелерін шешуге бағыттайды. Философияның мақсаты табиғатты тану деп есептейді.
- Бруно философиясының арқауы – құдайлық пен табиғаттық, материалдық пен идеалдық, денелік пен руханилық, ғарыштық пен жерлік, парасаттылық пен сезімдіктің диалектикалық бірлігі туралы ой.

Құдай мен табиғат қатынасын Бруно пантеизм тұрғысынан шешеді. Сондықтан ол, біріншіден, Құдайдың әлемнен толық бөлектенуін жоюға, олардың бірлігін көрсетуге ұмтылады. Құдай өзіне тиісті сапада болмыстан «тыс» және «үстінде» емес, барлық жерде және жан-жақта бар; екіншіден, ол Құдай мен табиғатты жиі теңестіреді, табиғатты өз алдына дербес бастау ретінде қарастырады. «Табиғат дегеніміз – Құдайдың өзі немесе 3 аттардың өз ішіне жасырынған құдайлық күш»; үшіншіден, антика философтарының (Парменид, Демокрит, Эпикур, Лукреций т.б.) ықпалымен Құдайды тек табиғатпен ғана емес, материямен де байланыстырады.



# Неоплатонистік бағыт

- Николай Кузанский (1401-1464)
- Джованни Пико дела Мирандола (1463-1494)

• Қайта өрлеу заманының көрнекті ойшылдарының бірі Н. Кузанский (1401-1464 жж.) философ, Рим католик шіркеуінің кардиналы. Ойшылдың философиялық еңбектерінің таңдаулысы – «Ғылыми білімсіздік». Философиялық идеялары – пантеизм деп аталады. Күрделі атауға ие болған «Ғылыми білімсіздік» еңбектің мәні ақиқатты іздеу жолында анықталмағанның анықталғанмен, белгісіздің белгілімен салыстырылуында.

Бірақ, шексіздікті зерттегенде, мұны елестету мүмкін емес, өйткені оның көлемі белгісіз, еш нәрсемен салыстыруға келмейді. Адамның (шектелген) парасаты мен шексіздік арасындағы қайшылық, Н. Кузанскийдің ойынша, білімсіздікті туындатады. Осы тұрғыда Құдайды тану мүмкін емес, өйткені ол – шексіздік, оны бұл жалғанның шекті заттарымен салыстыруға болмайды. Кузанский «Құдай абсолюттік жоғарғы шек, шексіздік бола отырып, ешқандай шектеуліден зиян көрмейді. Ол болашақ бөлшектенбейтін, абсолюттік ең кіші шек те болады», – деді. Құдайдың абсолюттік жоғарғы шек ретінде пен абсолютті кіші шектің сәйкес келуі: біріншіден, Құдайдың бар ғаламды мекендейтіні (бәрі барлығында) және әлемнің құдайдан тыс өмір сүретінін мойындау (әрбір зат белгілі бір дәрежеде өз ішінде барлық басқа заттарды ұстайды, тұтынады); екіншіден, Құдай дегеніміз – себеп пен салдардың, демек жасампаздық пен жаратылғанның бірлігі; үшіншіден, көзге көрінетін заттар мен Құдайдың мәні сәйкес келеді, ол бұл әлемнің бірлігін қуалайды.

# Реформациялық бағыт

- Мартин Лютер (1483-1546)
- Жан Кальвин (1509-1564)
- Томас Мюнцер (1490-1525)

□ «Бірінші буржуазиялық революция» деген атаққа ие болған бұл діни қозғалыстың дем берушісі — Виттенберг университетінің профессоры, Августин шіркеуінің монахы Мартин Лютер. Дін саласындағы түбегейлі өзгерістер, яғни реформалар жолындағы бұл қозғалыс — католиктік шіркеуді қайта құруға, діни салт-жоралар үшін төленетін шамадан тыс мөлшердегі салықтарға тыйым салуға, христиан дінінің қарама-қайшылықтарға толы қағидаларын алып тастауға бағытталды. Демек, бұл қозғалыстың нәтижесінде жаңа шіркеу және жаңа діни қағидаларға негізделген христиан дінінің «протестантизм» деп аталатын мүлде жаңа бағыты қалыптасты.

- Сонымен Реформация жеңісі қоғамдық өрлеу туғызып, ұлттық мәдениетті ғана емес, дүниежүзілік мәдениеттің қалыптасуына зор әсерін тигізді. Реформация ешқандай әлеуметтік-саяси идеалды жарияламаса да, қоғамды жікке бөлуді талап етпесе де, көркемдік шығармашылық саласында қомақты жетістіктерге жетті, ол ғылыми жаңалықтар ашпаса да адамның сана-сезімін өзгертті және адамзат алдында жаңа рухани белестер ашты. Адам еркін ойлауға мүмкіндік алды, ғасырлар бойы үстемдік еткен шіркеу ықпалынан босанды, әрекетіне бағдар берер бағыт белгіленді. Ол бағдар — ізгілік-адамгершілік қасиеттерге, адамның ақыл-ойына, ар-ұжданына байланысты болды.
- Реформация буржуазиялық қоғам адамының қалыптасу процесін жылдамдатуға түрткі болды. Адамның тәуелсіз болуы, адамгершілік жолын өз еркімен тандауы, өзінің іс-әрекеттеріне үлкен жауапкершілікпен қарауы — сөзсіз адам құқы идеяларының дүниеге келуіне қолайлы жағдай туғызды. Шындығында да, протестанттық идеялар қойнауында дүниені жаңа көзқараспен қабылдайтын жаңа, буржуазиялық қоғам адамның бейнесі жатты.
- Қорыта келгенде, Батыс Еуропа елдерінде туындап келе жатқан капитализмнің, одан қалды индустриалдық буржуазиялық өркениеттің рухани және идеологиялық бастауы — протестантизм идеяларында жатыр. Протестантизм — жаңа қоғамдық құрылыстың қарқынды дамуына, оның прогресс жолындағы қадамына айқара жол ашты.

# Саяси бағыт

- Никколо Макивелли (1469-1527)

- Макиавеллидің саясат саласындағы ең басты еңбегі – «Патша» шығармасы мемлекет басындағы адамдардың ел билеуде басшылыққа алуына арналған әртүрлі кеңестер мен ұсыныстар және қағидалар берілген туынды болып табылады. Ол бұл шығармасында Италияны біріктіретін диктаторға қажет қасиеттерді ежіктеп көрсетеді. Макиавелли елді біріктіру мен билік мақсатына жету үшін барлық амал-айланы қолдануға, яғни, қол астындағыларды алдауға, өтірік айтуға, уәдені аяққа басуға, зұлымдыққа баруға, адамдарды қырып-жоюға, қатал тәртіп пен күш қолдануға және опасыздық жасауға да болады деп үйретті. Бұл үшін, ол билеушінің бойында арыстан мен түлкінің қасиеттері қатар болуы және өтірік пен екіжүзділіктің ұлы өнерін терең меңгеруі керек деп тапты.
- Оның айтуынша, билеушіде табиғат пен адамның қасиеттері қатар жинақталуы қажет. Аңдардың қасиеттерін айтқанда ол арыстан мен түлкінің қылықтарын үйренуге жөн сілтеді. «Егер князь аңдардың әдіс-тәсілдерін үйренуге мәжбүр болса, онда олардың арасынан түлкі мен арыстанды таңдауы керек, өйткені, арыстан жыланнан, ал түлкі қасқырдан қорғана алмайды. Сондықтан да жыланмен күресу үшін түлкі, ал қасқырды жеңу үшін арыстан болу керек, тек арыстан болғандар істің мәнін түсіне алмайды» деп жазды Макиавелли.

# Әлеуметтік-утописттік бағыт

- Томас Мор (1478-1535)
- Томмазо Кампанелла (1568-1639)



Т.Мор (1478-1535). Утопиялық социализмнің негізін салушылардың бірі. Қайта өрлеу дәуірінің гуманист-рационалисті. Басты шығармасы – «Золотая книга, столь же полезная, как забавная, о наилучшем устройстве государства и о новом острове Утопии» (1516). Ол тұңғыш рет өндірісті қоғамдастыру идеясын дәйекті түрде дәлелдеп, оны еңбекті ұйымдастырудың коммунистік идеялармен байланыстырды. Бостандыққа негізделген қиядағы Утопия мемлекетінің шаруашылық ұясы – отбасы, қолөнер өндірісіне негізделген. Утопиялықтар демократиялық басқару, еңбек теңдігі жағдайында өмір сүреді. Ададар күніне алты сағат жұмыс істеп, қалған уақытында ғылыммен, өнермен шұғылданады. Адамның жан-жақты дамуына, теориялық оқуды еңбекпен ұштастыруына үлкен мән беріледі. Мор жаңа қоғамға өтуді бейбіт жолмен іске асыруды армандады.